

Шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметтерін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 1 қыркүйек N 1286. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 512 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығын қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1999 жылғы 28 мамырдағы N 49 өкімін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шағын кәсіпкерліктің субъектілері үшін 1999 жылдың 1 қазанынан бастап, ал қалғандары үшін - 2000 жылдың 1 қазанынан бастап мұндай есепті қамтамасыз ете отырып мемлекеттік органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметтерін барлық тексерулерінің бірыңғай статистикалық е с е б і е н г і з і л с і н . < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына 2000 жылы 10 (он) миллион теңге және 2001 жылы 38 (отыз сегіз) миллион теңге мөлшерінде қаражат бөлуді көздерін.

3. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулер тағайындау туралы актілерін тіркеудің тәртібі бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1999 жылғы 1 қыркүйектегі

№ 1286 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілерінің қызметтеріне тексерулер тағайындау туралы актілерін тіркеудің тәртібі<*>

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен .

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Президентінің " Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығын қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1999 жылғы 28 мамырдағы N 49 өкіміне сәйкес әзірленді.

2. Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметтеріне тексерулер тағайындау туралы актілерді тіркеуді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпараттар орталығы мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі - Тіркеуші орган) жүзеге асырады.<*>

Тіркеуші органның бөлімшелері жоқ қалалар мен аудандардың аумақтарында актілерді тіркеуді осы қалалар мен аудандардың прокуратура органдары жүзеге асырады . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының заңдарымен кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар, өздері шығарған кәсіпкерлік субъектілерінің қызметтеріне тексерулер тағайындау туралы актілерді Тіркеуші органда тіркеуге міндетті.<*>

Кәсіпкерлік субъектілеріне заңдарда белгіленген тәртіппен қозғалған қылмыстық істерді тергеуге байланысты тексерулер тағайындау туралы актілер тіркеуге жатпайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерге және сақтандыру ұйымдарына тексерулер тағайындау туралы актілер тіркеуге жатпайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзге шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметтеріне тексерулер актілері міндетті тіркеуге жатады. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.10. N 1601 қаулысымен .

4. Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметтерін тексеруді тағайындау туралы акті шығарған мемлекеттік орган, көрсетілген актіні тексерулер басталғанға дейін Тіркеуші органға тіркеу үшін ұсынады.

Ерекше жағдайларда, егер тексеру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін тәртіп бұзушылықты болдырмау жөнінде кідіріссіз шаралар қолдану қажеттігінен туындаса, сондай-ақ тәртіп бұзушылық жасалған кезде тікелей анықталса және ол бойынша анықталған тәртіп бұзушылықтың дәлелдеулерін бекіту үшін шұғыл іс-әрекет жүргізу талап етілсе, тексеруді тағайындау туралы акт Тіркеуші органға келесі жұмыс күнінің ішінде ұсынылады.<*>

Тіркеуші орган, акті тіркеуге ұсынылған сәттен бастап үш сағаттан кешіктірмей тіркеуді жүзеге асырады және тағайындалған тексеру жөніндегі ақпараттың жарияланбауын қамтамасыз етуге міндетті.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен.

5. Тіркеу тексеру жүргізу және белгіленген үлгідегі есепке алу карточкасын толтыру туралы актіні Тіркеуші органға ұсыну жолымен жүргізіледі. Шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметіне тексеру тағайындау туралы акті екі данада Тіркеуші органға ұсынылады, оның біреуі Тіркеуші органда қалдырылады. Тексеру аяқталғаннан кейін оны тағайындау туралы актіні шығарған мемлекеттік орган Тіркеуші органға әрбір тексерілген субъектіні есепке алу карточкасына қосымша талонды толтырады және ұсынады. <*>

Тіркеуші органға мемлекеттік органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тексеруді тағайындау туралы олардың актілерін тіркеуден бас тартуға тыйым салынады.

Тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тартуға прокуратура органдарына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.10. N 1601 қаулысымен.

6. Тексерулер тағайындау туралы актілерді тіркеу туралы құжаттардың нысандары мен үлгілерін Тіркеуші орган бекітеді.

7. Тексерулерді тіркеудің осы Ережемен бекітілген тәртібінің бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен жауап береді.<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1599 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен кәсіпкерлік субъектілерге тексерулерді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тексерулер тағайындау туралы тіркелген актілерді Тіркеуші органда кемінде тоқсанына бір рет салыстыра тексеруді жүргізуге міндетті.<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.10. N 1601 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК